



17.06.2024 № 152

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ

Е118-2024

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші



МАЗМҰНЫ

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	5
4 СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	5
5 СТУДЕНТЕРДІҢ АКАДЕМИЯ БАСШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ.....	7
7 СТУДЕНТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАТЫНАС.....	7
8 ЖАУАПКЕРШІЛІК ТҮРЛЕРІ	7

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	КЕ 118-2024
Студенттердің этикалық кодексі	Бас. №2 7 беттің 3 беті

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Кодекс келесі нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылғы 27 шілдеде бекітілген, № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен),
- Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 2015 жылғы 18 қарашада бек., № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен),
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;
- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024. Персоналды басқару;
- СТ 012-2024. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- СТ 023-2024 Стандарты внутреннего обеспечения качества образовательной деятельности АО «ЮКМА».
- 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы;
- Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Адалдық алаңы» жобасы және «Sanaly ugraq» жобалық кеңсесінің 2018-2020 жылдарға арналған жарғысы;
 - «ОҚМА» АҚ «Академиялық адалдық Ережесі».

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта сәйкесінше анықтамаларымен қоса келесідей терминдер қолданылады:

Этикалық кодекс - белгілі бір мекеменің немесе білім ордасының барлық құрамына қатысты ұжымда белгіленген тәртіптер кешені.

Әдептілік - адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы.

Адалдық – адам мінезіндегі бағалы қасиет. жеке тұлғаның сана-сезіміне, ар-ұжданына қайшы келмейтін, халықтың мақсат-мүддесін көздейтін, тарихи шындықпен, прогреспен ұштасып жататын іс-әрекеттер.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 118-2024
Студенттердің этикалық кодексі		Бас. №2 7 беттің 4 беті

Тәртіптілік (*лат. Disciplina*) – адамдардың белгілі бір қауымдастығындағы, тіршілік қарекеті саласындағы реттіліктің, жөн-жосықтылық пен ұйымшылдықтың сапалық сипаты; адам мінез-құлқының қоғамда қалыптасқан құқық, мораль нормаларына не әлдебір ұйымның жарғылық талаптарына сәйкестігі.

«ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы.

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы Кодекс, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «ОҚМА» АҚ) студенттер тәртібінің этикалық нормаларын анықтайды.

3.2 «ОҚМА» АҚ әлеуметтік және білім беру рөлін ұғына отырып, негізіне әлем университеттерінің зерттеу және білім беру қызметі жататын, халықаралық ғылыми бірлестік қабылдаған әдеп құндылықтары мен негізге алынатын қағидаттарды мақұлдайды.

4 СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

4.1 «ОҚМА» АҚ студенттерінің басты миссиясы:

- өз бойындағы жеке шығармашылық қабілеттерін дамытып, өзі таңдаған білім бағдарламасының кәсіби шебері болуға, ҚР-на лайықты азамат болу;
- «ОҚМА» АҚ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ережесін» қолдау;
- үлкендерге құрметпен қарау, өз ортасына қарым-қатынас кезінде дөрекілік танытпай және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға жанашырлық көрсетіп, мүмкіндігінше қамқор болу;
- парасаттылықтың, мәдениет пен адамгершіліктің үлгісі, әдепсіздікке және жыныстық, ұлттық, діни бөлулермен шектеулерге жол бермеу;
- салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдеттерден аулақ болу;
- «ОҚМА» АҚ дәстүрлерін құрметтеу, оның мүліктерін қорғау, тәртібі мен тазалығын қадағалау;
- «ОҚМА» АҚ атағы мен мәдениетін көтеруде шығармашылық белсенділіктерін дамытуға бағытталған (ғылыми, спорттық, көркем өнер т.с.с.) барлық қажетті және пайдалы іс-әрекеттерді мойындау;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	КЕ 118-2024	
Студенттердің этикалық кодексі	Бас. №2 7 беттің 5 беті	

- «ОҚМА» АҚ қабырғасынан тыс уақытта, өзінің жоғарғы мектептің өкілі екенін есте ұстап, оның намысы мен жетістіктерін түсірмеуге барлық күшін жұмсау;

- «ОҚМА» АҚ ықылассыз іс-әрекет түрлерімен күресуді өзінің парызы деп санау, олардың қатарында: білімді бақылау кезінде басқа адамдардан көшіру және көмек сұрау, көлеміне қарамастан барлық дайын оқу материалдары: мәнжазбалар, курстық жұмыстар, бақылаулар, дипломдық және басқа да жұмыстарды, сонымен қатар өзінің жеке еңбегі нәтижесі ретінде интернет ресурстарын дайындау, жоғары баға алу үшін өзінің туыстық немесе қызметтік байланыстарын қолдану, сабақ кезінде серуендеу, сабақтан кешігу және себепсіз оқу сағаттарын босату;

- болашақта Қазақстанның экономикалық саяси және басқарушылық элитасына лайық сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуда жоғарыда айтылған барлық ықылассыз іс-әрекеттер үйлесімділік танытпайды деп санау;

- сұранысқа ие маман болу;

- Республикамыздың мәдени, қоғамдық, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысу болып табылады.

4.2. Студент «ОҚМА» АҚ мәртебесін сақтауға және көтеруге міндетті.

4.3. Өзара сыйластық. Студент профессорлық – оқытушылық құрамға, қызметкерлерге, басқа студенттерге деген өзара әдептілікті және сыйластықты сақтауы тиіс.

4.4. Адалдық. Студент оқу үрдісінің тәртібін бұлжытпай сақтауға міндетті. Оқу сабақтарына қатысып, оқу жоспары мен білім беру бағдарламасында қарастырылған тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындауға міндетті. Студент оқуда жоғары деңгейге жету үшін өзіне қатысты барлық мүмкіндікті жасауы тиіс.

4.5. Тәртіптілік. Студент таза киініп, тәртіпті болуға міндетті. Оқу ғимаратында сырт киіммен жүруге тыйым салынады. «ОҚМА» АҚ студенттеріне басқаның мүлкін ұрлауға, университетте мас күйінде жүруге, спирттік ішімдіктерді қолдануға, ғимаратта не ғимаратқа кіре берісте шылым шегуге жол берілмейді. Оқу ғимараттарында оқу үрдісіне кесірін тигізетін қатты әңгімелесу, шу және басқа әрекеттерге тыйым салынады. Оқу сабақтары арасындағы үзілісте студенттер арнайы бөлінген орындарда ғана (скверлерде, холдарда және т.б.) демалуы тиіс.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		КЕ 118-2024
Студенттердің этикалық кодексі		Бас. №2 7 беттің 6 беті

Сабақ үстінде, кітапханада ұялы телефонмен сөйлесу, сағыз шайнау, интимдік сезімдерін көпшілік алдында ашық көрсету этикалық нормаға сай келмейді.

4.6. Тиянақтылық. Студенттерге сабақ басталғаннан кейін үзіліс болғанша, дәрісханаға кіруге рұқсат етілмейді. Сабақ үстінде дәрісханадан кіріп-шығып жүруге жол берілмейді.

4.7. Белсенділік. Студент «ОҚМА» АҚ оқу, қоғамдық, спорттық өміріне белсене араласуы тиіс.

4.8. Ұқыптылық. Материалдық меншікке ұқыпты және тиянақты қарауға: университет ғимараттарына, оқу ғимараты зертханаларын, жатақханаларын, жиһаздары мен басқа да құралдарын бүлдірмеу, үстелдер мен басқа жерлерге жазбау керек. Студент университеттің кітапхана қорына ұқыпты қарауы тиіс.

4.9. Жауапкершілік. «ОҚМА» АҚ жарғысына сәйкес студенттердің белгіленген құқықтары мен міндеттері бар, осы Кодекстің тәртіп ережесін сақтау үшін жеке жауапкершілік жүктеледі.

5 СТУДЕНТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯ БАСШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

5.1. Студент белгіленген тәртіп бойынша оқу және қоғамдық мәселесі бойынша басшылыққа жолыға алады.

5.2. Әдеп ережесін сақтау, студент шынайылығымен, әдептілігімен сенімге ие болады.

6 СТУДЕНТТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАТЫНАС

6.1. «ОҚМА» АҚ студенттерінің арасындағы қатынас сенім, өзара қатынас, ынтымақтастық, түсінушілік және өзара көмекке негізделеді.

6.2. Студент басқа студенттермен қатынаста кішіпейіл және әдепті болуы қажет, студенттердің өзара әңгімелесуінде басқа студенттердің кәсіби немесе адами қасиеттерін көпшілік алдында сынға алуына жол берілмейді.

7 ЖАУАПКЕРШІЛІК ТҮРЛЕРІ

7.1. Оқу түріне қарамастан «ОҚМА» АҚ барлық студенттері осы Кодекс ережелерін қолдану мен сақтауға міндетті. Бұл Республикамыздың мәдени,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі Студенттердің этикалық кодексі	ҚЕ 118-2024 Бас. №2 7 беттің 7 беті	

қоғамдық, экономикалық және саяси өміріне лайықты үлес қоса алатын жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған.

7.2. Жеке жауапкершілік қағидасына сәйкес «ОҚМА» АҚ басшылығы осы Кодекстің нормасын бұзған студентке қатысты келесі жазаларды қолдануға құқылы:

- ескертпе;
- ескерту;
- сөгіс;
- жеке ісіне тіркелетін қатаң сөгіс жариялау;
- оқудан шығару.

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	17.06.2024, 10:19:10	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	14.06.2024, 12:16:13	Без замечаний	
Есиркепов Марлен Махмудович	Согласовано	14.06.2024, 12:12:08	Без замечаний	
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	14.06.2024, 18:28:43	Без замечаний	
Рысбеков Мырзабек Мырзашевич	Подписано	17.06.2024, 10:37:59	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), РЫСБЕКОВ МЫРЗАБЕК, Акционерное общество «Южно-Казахстанская I
Рысбеков Мырзабек Мырзашевич	Зарегистрировано	17.06.2024, 10:38:01	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), РЫСБЕКОВ МЫРЗАБЕК, Акционерное общество «Южно-Казахстанская I